

2005 жылға арналған 004 "Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптау" республикалық бюджеттік бағдарламаны бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 наурыздағы N 281 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылға арналған 004 "Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптау" республикалық бюджеттік бағдарлама осы қаулыға қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің арасында бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 30 наурыздағы

N 281 қаулысына қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.06.11. N 582 , 2005.10.11. N 1018 , өзгерту енгізілді - 2005.12.27. N 1293 қаулыларымен.

2005 жылға арналған 004 "Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптау" республикалық бюджеттік бағдарламаны бөлу

P/c N	Жобаның атауы	Техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуді және оларға мемлекеттік сараптама жүргізуді қаржыландыру көлемі (мың теңге)
1	2	3
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі		
1	Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм алқабының III және IV кезектерін игеру	85000
2	Алматы облысы Панфилов ауданындағы магистральды арналарды қосумен Қорғас өзеніндегі "Достық" біріккен гидроторабы (техникалық-экономикалық негіздемені түзету)	33000
3	Булаев топтық су құбырын қайта жаңарту	45000

4	Көксарай контрреттеуішін салу жобасының техникалық-экономикалық негіздемесіне тәуелсіз сараптама және Сырдария өзенінің көлдер жүйесіне су беру үшін өзендердің ескі арналарын қалпына келтіру жөніндегі ұсыныстарға сараптамалық бағалау жүргізу	18400
Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі		
5	Жер асты суларының авиациялық керосинмен ластануын жою жөніндегі жобаны іске асыру (Семей қаласы)	2500
6	Ақтөбе қаласы Елек өзеніндегі тазарту құрылыстары кешенін қайта жаңарту	16050
7	Щучье-Бурабай курорттық аймағының ағынды суларын биологиялық тазартудың тазарту құрылыстары кешенін салу	19630
7-1	Суармалы экожүйелерді басқару	8580
7-2	Атырау, Тараз, Алматы, Астана, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, Көкшетау, Қостанай, Шымкент, Петропавл қалаларында аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармаларының әкімшілік ғимараттарын салу	5000
7-3	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ұлттық метеорология орталығын салу	11700
Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі		
8	"Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы" мемлекеттік республикалық кәсіпорны "Атом энергиясы институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорнының "Байкал-1" зерттеу реакторлары кешенінде радиациялық қорғау камерасын және ұзақ мерзімді сақтау пунктін құру	24000
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі		
9	Протездік-ортопедиялық орталықтарды, Республикалық эксперименттік протездеу орталығын техникалық қайта жарактандыру, протездік-ортопедиялық шағын зауыт салу	810
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі		
10	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің Жоғары әскери училищесінің ғимараттары мен құрылыстарын салу	3000
11	Әскерлердің құралымдары мен бөлімдерінің казарма жанындағы оқу-материалдық базасын: сап түзу алаңдарын, кедергі жолақтарын, инженерлік қалашықтар, жаппай зақымдау қаруларынан қорғану, кезекшілер мен қарауылдарды даярлау жөніндегі қалашықтар (барлық әскери бөлімдерде) салу	3700
12	Семей қаласында 5511 әскери бөлімінің ішкі әскерлері үшін казарма салу	2500
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі		
13	Қызылорда облысында негізгі ағызу құрылысы бар Қараөзек сағасын қайта жаңарту	7000

14	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің " Көкшетау техникалық институты" мемлекеттік мекемесінің оқу кешенін салу	17880
14-1	Қазақстан Республикасының қалалары мен аудандарында (Ақтөбе , Астана, Қарағанды, Қостанай, Рудный, Батыс Қазақстан облысының Ақсай қалаларында, Шығыс Қазақстан облысының Жаңа Бұқтырма кентінде) 2, 4, 6, 8 шығуға арналған өрт сөндіру деполарын салу	4000
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі		
15	Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын орталық мемлекеттік органдардың жас мамандары үшін 1000 орындық 2 жатақхана салу	7140
16	Республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік органдар орталық аппараттарының мемлекеттік қызметшілері үшін 100 пәтерлік тұрғын үй салу	5000
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті		
17	Шекара маңындағы кеден бекеттерін, бірыңғай бақылау-өткізу пункттерін, кедендік инфрақұрылым объектілерін дамыту және салу	41000
Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы		
18	Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының келісім-шарт бойынша әскери қызметшілері үшін 60 отбасына арналған жатақхананың күрделі құрылысы	2280
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі		
19	Халыққа қызмет көрсету орталықтарын құру	16860
20	Семей, Өскемен, Орал қалаларында тергеу изоляторларын салу	19730
21	Алматы, Шымкент, Павлодар қалаларында тергеу изоляторларын салу жобаларының техникалық-экономикалық негіздемелерін түзету	8830
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі		
22	Ақтөбе облысы Шұбарқұдық кентінде Ақтөбе обаға қарсы станциясы мемлекеттік мекемесінің Шұбарқұдық бактериологиялық зертханасын салу	900
23	Қырғыз жотасы Мерке шатқалында Жамбыл облысы Мерке ауданындағы "Жамбыл обаға қарсы станциясы" мемлекеттік мекемесінің Мерке тау эпидемияға қарсы жасағы зертханасының ғимараттарын және 20 орындық жатақханасын салу	170
24	Астана қаласында Қазақ мемлекеттік медициналық академиясының жанынан 500 төсек-орындық студенттер жатақханасын салу	2400
25	Сот медицинасы орталығы Ақмола филиалының үлгі ғимаратын салу	9000
25-1	Астана қаласында 80 төсектік кардиохирургиялық орталық салу	7340
25-2	Алматы қаласында 100 төсектік кардиохирургиялық орталық салу	10010

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі		
26	Қазақстан Республикасындағы Ұлттық биотехнологиялар орталығын дамыту	60000
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі		
27	"Ақсай - Шонжы - Көлжат (Қытай Халық Республикасының шекарасы)" автожолын қайта жаңарту	4500
28	"Таскескен - Бақты (Қытай Халық Республикасының шекарасы)" автожолын қайта жаңарту	5600
29	"Ақтөбе қаласын айналып өту" автомобиль жолын салу және қайта жаңарту	4000
29-1	"Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Алматы" автожолын "Алматы - Қарағанды" (223 км) учаскесінде қайта жаңарту	6500
29-2	"Қырғыз Республикасының шекарасына кіреберістері бар Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) - Шымкент - Тараз - Алматы - Қорғас" автожолын "Алматы - Қорғас" учаскесінде (351 км) қайта жаңарту	10100
29-3	Көлік инфрақұрылымы желісін дамыту	180
29-4	"Ақтөбе - Атырау - Ресей Федерациясының шекарасы (Астраханьға)" автомобиль жолын "Астрахань - Атырау" учаскесінде қайта жаңарту	8500
29-5	"Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Алматы" автомобиль жолын "Қарағанды - Астана" учаскесінде қайта жаңарту (І санатқа аудару)	6500
Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі		
30	Мәскеу қаласында Абай Құнанбаевқа ескерткіш орнату	1000
30-1	Астана қаласында республикалық велотрек салу	94710
Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі		
31	алынып тасталды - 2005.12.27. N 1293 қаулысымен.	
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы		
32	Қаржы мониторингінің автомат- тандырылған ақпараттық жүйесін құру	4000
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті		
33	(құпия)	
34	(құпия)	
35	(құпия)	
36	(құпия)	

Жиыны:

660000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК